# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 72-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан/Қазақстан** **28/05/2022**

| | |
|---|---|
| **Профессор доктор Мұхиттин Шимшек**<br>Өкілетті Кеңес төрағасы,<br>Мармара университетінің профессоры | **Қуаныш Асылханұлы Ерғалиев**<br>Өкілетті Кеңес төрағасының орынбасары,<br>Қ.Р. Білім және ғылым вице-министрі |
| **Профессор доктор Ибрахим Калын**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Т.Р. Президент Кеңсесінің баспасөз хатшысы | **Доцент доктор Аида Қыстаубайқызы Сагинтаева**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Назарбаев Университеті дербес білім беру ұйымының Жоғары білім беру мектебінің деканы |
| **Доктор Сердар Чам**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Мәдениет және Туризм вице-министрі | **э.ғ.к. Жанар Амангелдіқызы Темірбекова**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Ахмет Ясауи университетінің ректоры |
| | **Ұлан Қалмұханұлы Тәжібаев**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Түркістан облысы әкімінің орынбасары |
| | **Ләззат Амангелдықызы Тұрымбаева**<br>Өкілетті Кеңес мүшесі,<br>Қ.Р. Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры |

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 72-МӘЖІЛІСІ

**Нұр-Сұлтан / Қазақстан** **28/05/2022**

**6.3.1.** «Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің» ғылыми мақала жариялауды ынталандыру туралы регламентінің 10-шы бабының 1-ші тармақшасы төмендегідей өзгертілсін:

10-бап. (1) Халықаралық ғылыми базалардың (Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier: Scopus, Jstore) индекстелетін ғылыми журналдарында жарияланған әрбір мақала (Article) және алынған әрбір инновациялық патент авторына ИФ (Импакт фактор) көрсеткіштерінің негізінде Өкілетті кеңес шешімімен белгіленген көлемде ынталандыру сыйақысы төленеді. Мақаланың бірнеше авторы болған жағдайда, сыйақы университет ОПҚ-на, қызметкерлеріне, университет білімгерлеріне немесе университет атынан білім алып жүрген білімгерлерге (магистратура, докторантура) теңдей етіп төленеді. ИФ (Импакт фактор) көрсеткіші мен сәйкесінше сыйақы мөлшері барлық бағыттар бойынша төмендегідей:

**Импакт факторлары басылымдарда жарияланған мақалалар** (Article) **үшін:**

| **Индекс атауы** | **900 000 теңге** | **800 000 теңге** | **500 000 теңге** | **400 000 теңге** | **300 000 теңге** |
|---|---|---|---|---|---|
| Jornal Citation Reporst (Clarivate Analytics) | 1 квартиль | 1 квартиль | 2 квартиль | 3 квартиль | 4 квартиль |
| CiteScore (Scopus) | **процентиль (99-90)%** | **процентиль (89-76)%** | **процентиль (75-51)%** | **процентиль (50-26)%** | **процентиль (25-1)%** |

**Патент үшін:**

| **Патент атауы** | **Ынталандыру сомасы** |
|---|---|
| Халықаралық (PCT) | 300 000 Теңге |
| Еуразиялық | 200 000 Теңге |
| Республикалық | 100 000 Теңге |

**6.3.2.** «Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің» ғылыми мақала жариялауды ынталандыру туралы регламентінің 10-шы бабының 3-ші тармақшасы төмендегідей өзгертілсін:

10 бап (3) Жарияланған мақалаларда (Article) мекен-жайы ретінде «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» атауының көрсетілуі, мақала жарияланған уақытта автордың Ахмет Ясауи университетінде қызмет атқарып жатқан, университетте немесе университет атынан басқа ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлға болуы тиіс. Жарияланған мақаланың (Article) көсалқы авторлары (авторлар ұжымы) болған жағдайда, марапаттау сыйақысы университет оқытушы-профессор құрамына, қызметкерлеріне, университетте және университет атынан ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлғаларға және университет атынан мақала (Article) жариялаған авторларға теңдей етіп бөлінеді. Ынталандыру сыйақысын алу үшін мақала (Article) жарияланған және патент

алынған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде өтініш өткізуі, өтініш қабылданған күнінен бастап 3 (үш) айдың ішіде марапатқа ұсынылуы (мақала ұсынылып жатқан уақтысында Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier: Scopus базаларындағы журналдарда қамтылуы) қажет.

**6.3.3.** «Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің» ғылыми мақала жариялауды ынталандыру туралы регламентінің 10-шы бабының 5-ші тармақшасы енгізілсін:

10 бап. (5) Ғылыми мақала жариялауды ынталандыру төлемдеріне қатысты негіздер мен тәсілдер, «Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің» талаптары шеңберінде Университет Сенаты тарапынан қабылданатын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Ғылыми мақала жариялауды ынталандыру төлемдерінің негіздері мен тәсілдері» ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**7. Ұсыныстар мен тілектер**

Өкілетті Кеңес мүшелері мәжілістің ұйымдастырылуы мен атқарылған дайындық жұмыстарына байланысты өз ризашылықтарын білдірді.